



БҰЙРЫҚ

25.10.2018

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

461

город Астана

**Қазақстанда «Адамдар» бағыты бойынша
2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарын
енгізу және іске асыру жөніндегі ведомствоаралық
жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.Ә. Сағынтаевтың 2018 жылғы 15 тамыздағы № 20-11/2685 тапсырмасына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстанда «Адамдар» бағыты бойынша 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрылсын.
2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жұмыс тобы туралы ереже бекітілсін.
3. Жұмыс тобы тоқсан сайын отырыстар өткізсін және Қазақстанда «Адамдар» бағыты бойынша 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарын енгізу, іске асыру және оларға жетудегі прогресті бағалау бойынша ұсыныстарын тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің
міндетін атқарушы



С. Жақыпова

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрі міндетін атқарушының
2018 жылғы 25. / 0
№46 бұйрығына
I - қосымша

**Қазақстанда «Адамдар» бағыты бойынша
2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарын
енгізу және іске асыру жөніндегі ведомствоаралық
жұмыс тобының құрамы**

- | | |
|-----------------------------------|---|
| Әбілқасымова
Мәдина Ерасылқызы | — Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, төрайым |
| Жақыпова
Светлана Қабыкенқызы | — Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, төрайым орынбасары |
| Адимов
Берік Ерболұлы | — Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары, хатшы |
| Ашықбаев
Ержан Нығматуллаұлы | — Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары (келісім бойынша) |
| Евниев
Арман Қайратұлы | — Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі (келісім бойынша) |
| Жүнісбекова
Мәдина Серікқызы | — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі (келісім бойынша) |
| Мұсайбеков
Сәкен Жүнісбекұлы | — Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі (келісім бойынша) |

Суханбердиева
Эльмира Амангелдіқызы

– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі (келісім бойынша)

Тұрғымбаев
Ерлан Заманбекұлы

– Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің орынбасары (келісім бойынша)

Цой
Алексей Владимирович

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі (келісім бойынша)

Көшкімбаев
Нияз Жеңісұлы

– Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Есмағамбетова
Айжан Серікбайқызы

– Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау саясаты департаментінің директоры (келісім бойынша)

Тілеуов
Нұркен Орынбекұлы

– Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаментінің директоры

Өмірбаев
Арман Мұратұлы

– Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықаралық ынтымақтастық және интеграция департаментінің директоры

Шонов
Әсет Бағдатұлы

– Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік көмек департаментінің директоры

Қарыбаева
Гүлназ Қуанышқызы

– Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қызметтер департаменті директорының орынбасары

Мусина
Алтын Шәйкенқызы

– Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті

директорының орынбасары

Тәжіханова
Эльмира Тілләбайқызы

– Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаменті директорының орынбасары

Айтқұлов
Дастан Асқарұлы

– Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті көші-қон процестерін мониторингілеу басқармасының басшысы

Тәнекенова
Венера Сейітқазықызы

– Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Стратегиялық жоспарлау департаменті стратегиялық жоспарлау басқармасының басшысы (келісім бойынша)

Тарасенко
Елена Васильевна

– Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымының орынбасары (келісім бойынша)

Қамбар Бақыткүл

– «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Стратегиялық әзірлемелер орталығының директоры (келісім бойынша)

Ордабаев
Олжас Темірбекұлы

– «Атамекен» ҰҚП Басқарушы директоры-Басқарма Төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы

Ахметжанова
Қымбар Тұрдыбекқызы

– «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Стратегиялық әзірлемелер орталығының жетекші сарапшысы (келісім бойынша)

Тінікеев
Мұхтар Бәкірұлы

– Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Жұмагелдиева
Гүлнәр Амангелдіқызы

– Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы төрағасының кеңесшісі (келісім бойынша) ,

Дәулеталин
Сатыбалды Телағысұлы

– Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Әлеуметтік-экономикалық қатынастар және әлеуметтік әріптестік комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Мұқашева
Айгүл Мақсатқызы

– Қазақстандық Білім және ғылым қызметкерлері салалық кәсіподағы төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Тәжібай
Бақытжан Арынұлы

– Қазақстандық Денсаулық сақтау қызметкерлері салалық кәсіподағы төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қаппаров
Бақыт Қаппарұлы

– Қазақстандық Еңбек конфедерациясы бас хатшысының орынбасары (келісім бойынша)

Стребков
Вячеслав Михайлович

– «Энерготехпрофсоюз» ҚБ Қазақстанның энергетика саласының қызметкерлері кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

Нарымбетов
Мейірлан Әділқазыұлы

– «SENIM» денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері салалық кәсіптік одағы төрағасының кеңесшісі (келісім бойынша)

Твердовская
Нэли Георгиевна

– Қазақстан Республикасы Жұмыс берушілер (кәсіпкерлер) конфедерациясының өкілі (келісім бойынша)

Гребенникова Галина

– Қазақстандық Жыныстық және репродуктивтік денсаулық қаумдастығының атқарушы директоры (келісім бойынша)

Хайруллина Әсия	– Шығармашылық бастама әйелдер лигасының төрайымы (келісім бойынша)
Бәкиева Мәдина	– «Дара» қорының президенті (келісім бойынша)
Дмитриенко Елена	– «Жұлдыз» балалар қоғамдық бірлестіктері одағының президенті (келісім бойынша)
Наурызбаев Нұрлыбай	– Жас әлеуметтік қызметкерлер альянсының өкілі (келісім бойынша)
Елкеев Сағынғали	– «Equal to Equal» ҰЕҰ өкілі (келісім бойынша)
Түменова Бақыт	– «Аман Саулық» қоғамдық қорының өкілі (келісім бойынша)
Аманжолов Нұрәлі	– Қазақстандық АИТВ-пен өмір сүретін адамдар одағының өкілі (келісім бойынша)
Қыдырбаева Райхан Мамашиқызы	– Қазақстандық Білім және ғылым қызметкерлері салалық кәсіподағының әлеуметтік-экономикалық қорғау және әлеуметтік әріптестікті дамыту мәселелері бойынша бас маманы (келісім бойынша)
Шимомура Норимас	– БҰҰ Қазақстан Республикасындағы тұрақты үйлестірушісі (келісім бойынша)
Хасенова Дина	– БҰҰ Қазақстан Республикасындағы үйлестіру бойынша кеңесшісі (келісім бойынша)

Оксамитный Юрий	– БҰҰ Қазақстан Республикасындағы Балалар қорының өкілі (келісім бойынша)
Честнов Олег	– БҰҰ Қазақстан Республикасындағы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілі (келісім бойынша)
Конкиевич Илейн	– Қазақстан Республикасындағы БҰҰ–Әйелдердің өкілі (келісім бойынша)
Омарова Жанерке	– БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының Қазақстан Республикасындағы бағдарлама маманы (келісім бойынша)
Сисемалиев Райымбек	– БҰҰ Тұрғын халықтың қоныстануы саласындағы қорының Қазақстан Республикасындағы өкілінің көмекшісі (келісім бойынша)
Бокажанова Әлия	– Қазақстан Республикасында БҰҰ АИТВ/ЖИТС бойынша Бірлескен бағдарламасының профилактикасы бойынша кеңесшісі (келісім бойынша)
Сокульский Константин	– БҰҰ Даму Бағдарламасы Тиімді басқару департаментінің Қазақстан Республикасындағы бағдарламалық талдаушысы (келісім бойынша)
Амришева Дина	– БҰҰ–Әйелдердің Қазақстан Республикасындағы бағдарламалық маманы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
міндетін атқарушының
2018 жылғы 15.10
№ 461 бұйрығына
2 - қосымша

**Қазақстанда «Адамдар» бағыты бойынша 2030 жылға дейінгі
тұрақты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру жөніндегі
ведомствоаралық жұмыс тобы туралы ереже**

1. Жалпы ереже

1. Қазақстанда «Адамдар» бағыты бойынша 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарын (бұдан әрі – ТДМ) енгізу және іске асыру жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Жұмыс тобы Қазақстан Республикасында «Адамдар» бағыты бойынша ТДМ ілгерілетудің негізін қалаушы қағидаттар, міндеттер және әдістер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады.

3. Жұмыс тобы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жұмыс тобының жұмыс органы болып табылады.

5. Жұмыс тобының отырыстары тоқсан сайын өткізіледі.

2. Жұмыс тобының міндеттері

6. Жұмыс тобының негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасында «Адамдар» бағыты бойынша ТДМ іске асыру бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу;

2) ТДМ-ны орындау нәтижелерін ТДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесінің қарауына енгізу (жылдық және жартыжылдық қорытынды бойынша);

3) ТДМ бойынша Қазақстанның Ұлттық ерікті шолуын қалыптастыруға қатысу болып табылады.

3. Жұмыс тобының құрамын қалыптастыру және өзгерту тәртібі

7. Жұмыс тобының құрамы мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу, халықаралық және үкімет емес ұйымдардың өкілдерінен құрылды.

8. Жұмыс тобы жетекшіден, оның орынбасарынан, хатшыдан және жұмыс тобының мүшелерінен тұрады.

9. Жұмыс тобының құрамына өзгерістер қажеттілігіне қарай, жылына екі реттен артық емес енгізіледі.

4. Жұмыс тобының жұмысын ұйымдастыру және жұмыс тәртібі

10. Жұмыс тобының отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

11. Шешімдер Жұмыс тобы отырыстарының хаттамаларында көрсетіледі, олардың көшірмелері Жұмыс тобының мүшелеріне беріледі.

Жұмыс тобының мүшелері шешіммен келіспеген жағдайда өз пікірлерін білдіре алады, олар отырыс хаттамасына міндетті түрде енгізіледі.

12. Жұмыс тобының жетекшісі:

1) отырыстарда төрағалық етеді;

2) Жұмыс тобы отырыстарының хаттамаларына және басқа да құжаттарға қол қояды;

3) Жұмыс тобы отырысының күн тәртібін бекітеді;

4) «Адамдар» бағыты бойынша тұрақты даму мақсаттары жөніндегі үйлестіру кеңесінің шешімдерін іске асыру үшін Жұмыс тобының жұмысын жоспарлайды және жалпы бақылауды жүзеге асырады.

5) «Адамдар» бағыты бойынша Жұмыс тобының алдына қойылған міндеттердің іске асырылуына жауапты болады.

13. Жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары:

1) жетекші болмаған жағдайда Жұмыс тобының отырыстарында төрағалық етеді;

2) Жұмыс тобы отырысының күн тәртібін дайындауға, Жұмыс тобының отырысына тартылатын адамдар құрамын қалыптастыруға қатысады;

4) Жұмыс тобының жұмысын жоспарлауға және жалпы бақылауды жүзеге асыруға қатысады.

14. Жұмыс тобының хатшысы Жұмыс тобы жетекшісі не оны алмастыратын адам атынан:

1) Жұмыс тобының отырыстарын ұйымдастырады;

2) Жұмыс тобының мүшелеріне алдағы өтетін отырыс күнін және уақытын хабарлайды;

3) Жұмыс тобы мүшелері берген ұсыныстарға сәйкес Жұмыс тобының талқылауы үшін құжаттар мен шешімдердің жобаларын дайындайды және оларды Жұмыс тобының жетекшісімен келіседі;

4) отырыс хаттамаларын жүргізеді, Жұмыс тобының мүшелеріне алдағы отырыс материалдарын дайындайды және таратады;

5) Жұмыс тобының жетекшісі не оны алмастыратын адам берген басқа да тапсырмаларды орындайды.

15. Жұмыс тобының жұмысына шақырылған сарапшылар:

1) Жұмыс тобының отырысына қатысады және өз пікірлерін білдіруге құқылы;

2) Жұмыс тобының тапсырмасы бойынша олардың қаралатын проблема бойынша пікірлері білдірілетін жазбаша қорытындыларды, есептерді және басқа да құжаттарды дайындайды.

5. Жұмыс тобы мүшелерінің міндеттері және құқықтары

16. Жұмыс тобының мүшелері:

1) Жұмыс тобы отырысының күн тіртібін қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізуге;

2) Жұмыс тобының отырысына қатысуға шақырылатын кандидатураларды ұсынуға;

3) қаралатын мәселелер бойынша материалдарды дайындауға қатысуға құқылы.

17. Жұмыс тобының мүшелері Жұмыс тобының отырыстарына жеке қатысуға міндетті және өз өкілеттіктерін басқа адамдарға беруге құқылы емес.
